

**Н. Т. Мысжанов, ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының  
2-бағам тыңдаушысы**

**Ғылыми жетекшісі: Б. Ф. Нұрмамбетов, ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы  
Қарағанды Академиясының жалпы білім беретін пәндер кафедрасының  
доценті, саясаттану ғылымдарының кандидаты**

## **ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ АЗАМАТТАРДЫҢ САЯСИ ӘЛЕУМЕТТЕНУ МӘСЕЛЕЛЕРИ**

Қазіргі мемлекетімізде саясат курделі даму барысында, Жаңа саясат әдістері мен тәсілдері және таңғажайып саяси пирамидалар санамызды дамыттып, жаңа сатыға алғып келіп отыр. Саясатты бірнеше магынада ұғынуға болады:

- 1) Адамның ішкі түсінігінің билеу қасиетінің, өмір сіру ниетінің сыртқы ортамен байланысу процесі.
- 2) Мемлекеттің, қоғаммен байланысындағы билеу әдіс-тәсілдерінің жынтығының жүзеге асырылуы.
- 3) Өмірлік ұстаным, өмір сүрі режимі түсініктерімен синоним деуге де болады.

Саясат әр алтуан әлеуметтік қатынастардың курамдас бөлігінің байланыстыруышысы. Қай сала болмасын өзінің жекелеген ұстанымдары бар. Сол ұстаным белгілі бір мақсатқа жетуге негізделген. Яғни біздің өміріміз толықтай алға қойған мақсаттарға жету принципін ұстанған.

Қазіргі адамдар санасында саясат мемлекеттік деңгейде ғана қарастырылады, менің сізге ұсынып отырған баяндамам жеке адамның саясатына негізделген.

Адамның әлеуметтенуіне қазіргі заманда «XXIғ. Техника заманында» барлық қолайлышағдайлар жасалуда. Жеке тұлғаның саяси түсінігі мен әлеуметтенуі қоғамның дамуымен тығыз байланысты. Интернет желісі арқылы көптеген ақпараттар қабылдайсмыз, бірақ қандай зат болмасын да оның ақ жағы да, қара жағы да болады. Яғни интернеттан адам пайдалы, тұра дұрыс саяси білім алуды мүмкін, сондай-ақ адам интернеттан бұзақы, цензурадан тыс, кері қылыштарды да қабылдаудың да ебден мүмкін. Келесі әсер етуші фактордың альшықтары қарастырайық. Теледидар, БАҚ, барлық адамдар назарында болатын теледидар бағдарламалары қаншалықты тазалаудан, «Фильтрациядан» етсе де, саяси санамызды бұзатын ақпараттары болады, бірақ қазіргі кезде адамадар барлық ақпаратты теледидар бағдарламалары, жағалықтар арқылы қабылдан дүниежүзінің көптеген өзгерістеріне хабарлы болып жүреді.

Содан шығаратынымыз сыртқы факторлар адамның ішкі саяси түсінігіне тікелей әсер етеді. Ал ішкі саяси түсінік, адамның сыртқы қоғаммен байланысында өз көрінісін табады.

Жоғарыда айтылғандай саясатты ұғыну адамның ішкі сана сезіміне байланысты. Адамның сана сезімі балалық шақтан басталады. Ата-аналар тікелей санаға ісер етеді. Отбасы, үй ішіндегі қарым-қатынас, ата-аналардың балаға деген қатынасы баланың алғы өмір көзқарасының негізін қалайды. Бала- бақшадағы, мектептегі тәрбие жоғарғы деңгейде, мемлекеттік стандарттарға сай болып берілуі тиіс. Әрине, мемлекеттің саяси ұстанымы, саясаты отанымыздың барлық салаларын реттейді және қоғамдық қатынастарды белгілейді. Бірақ әр адамның түсінігі, саяси ой-пікірі бөлек болғандықтан келіспеушіліктер де пайда болады. Сол себепті аппозициялық қозғалыстар жедел дамуда. Мысалы саяси партиялар мемлекетіміздің билік жүргізу саясатына қарсы шығып, өз стратегиясын ұсынуда. Осындай пікір талас нәтижесінде шындық пайда болады. Мемлекеттің өмірін реттеу және жақсарту мақсатында саяси қозғалыстар керек деп есептеймін.

Сонымен қорытындылай келе Саясат-Демократияның жетілдірер негізгі бөлігі ретінде түсініміз керек. Азаматтардың саяси өмірге араласуы, бұл мемлекеттің дұрыс бағытта дамып, алға басар жолы.